

актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2604 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы N 08-1/187 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 724 бірлескен бұйрығымен, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2662 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2004 жылғы 25 мамырдағы N 08-1/123 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 23 маусымдағы N 357 бірлескен бұйрығымен, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3022 болып тіркелген), мынадай өзгерістер енгізілсін:

Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы аталған бірлескен бұйрықпен бекітілген Нұсқаулықтағы:

51-тармақтың 1) тармақшасы мынадай мазмұнда жазылсын:

"1) "визаны ұзарту" деген жазу мен ұзартылатын визаның нөмірі (мысалы: "943 ДВ N 0275386 визаны ұзарту");

51-тармақтың 7) тармақшасы мынадай мазмұнда жазылсын:

"жұмыс күшін тартуға құқық беретін уәкілетті органның рұқсатының нөмірі немесе визаны беруге негіздеме болған осы Нұсқаулықтың тармақшасы (мысалы: "Нұсқаулықтың 15т.2тш." немесе "Нұсқаулықтың 15т.3тш.");

52-тармақ мынадай мазмұнда жазылсын:

"52. Дипломаттық, қызметтік және инвесторлық визаларды беру кезінде визалық жапсырманың "қосымша мәліметтер/additional information" бағанындағы бірінші үш цифр визаны берген консулдық мекеменің кодын, ал келесілері - тіркеудің реттік нөмірін білдіретін (мысалы: ҚР СІМ тірк. N 929/15) тиісті жазба енгізу арқылы шетел азаматтарының паспорттарын тіркеу қатар жүргізіледі. Бұл ретте, визаны берген орынға қарамастан "ҚР СІМ" қысқарған сөздері өзгермейді.

Визаны бергендігі және оның тіркелгендігі туралы ҚР СІМ-не кідірместен, "Ескертпе" бағанында Қазақстан Республикасында тұруы ықтимал жер көрсетілетін бекітілген үлгідегі хабарлама жолданады. ҚР СІМ хабарламаны алған кезден бастап үш тәулік ішінде ҚР ҰҚК-і мен ҚР ІІМ-не алынған ақпаратты жолдайды";

56-тармақтың 1)-тармақшасының екінші абзацы мынадай мазмұнда жазылсын:

"ҚР СІМ консулдық пункттері Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасында, оның ішінде мемлекеттік шекарадан өту мезгілінде визалық жапсырмада қателер табылған кездерде де визалар беруді жүзеге асырады";

59-тармақтың 5)-тармақшасы мынадай мазмұнда жазылсын:

"5) Қазақстан Республикасына кіруге арналған виза немесе визалық қолдау

беруді ҚР ҰҚК - мен келісу.

ҚР ПБ-ПББ-ПМ-нің шақыруы, ҚР СІМ-нің нұсқауы немесе визалық қолдауы болмаған жағдайда ҚР СІМ-нің шетелдік мекемелері ҚР СІМ-не белгіленген үлгіде сұрау салу жолдайды. Сұрау салуға ҚР СІМ-нің жауабы немесе басқа да нұсқаулары болмаған жағдайда, бір мәртелік виза ҚР СІМ-нің сұрау түскендігі туралы растауын алғаннан кейін 5 күннен соң берілуі мүмкін.

Көп мәртелік (екі мәртелік, үш мәртелік) виза сұрау салуға ҚР СІМ-нің жауабы келгеннен кейін беріледі.

ҚР СІМ-нің шетелдік мекемесінің басшысының шешімі негізінде осы Нұсқаулықтың 55-тармағының екінші және үшінші абзацтарының ережелеріне сәйкес бір мәртелік визалардың берілу дерегі бойынша 52-тармақтың екінші абзацында белгіленген тәртіппен хабарлама жолданады".

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуге алынған күннен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі*

*Қазақстан Республикасының
Ішкі Істер министрі*